

**«Изменим мир к лучшему!» атты 12-ші Халықаралық балалар  
фестивалі және ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммиті**  
«Артек» Халықаралық балалар орталығы

Қазақстан Республикасының делегациясы «Изменим мир к лучшему!» атты 12-ші Халықаралық балалар фестивалі және ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммитіне қатысты. Фестиваль 2013 жылғы 20 шілде - 1 тамыз аралығында «Артек» Халықаралық балалар орталығында ұйымдастырылды.

«Изменим мир к лучшему!» атты 12-ші Халықаралық балалар фестивалі 2001 жылы Украинаның бастауымен жүргізіліп келеді.

Фестивальдің негізгі міндеті көпмәдени орта жағдайында өмірлік тәжірибе алу арқылы әр түрлі дінге сыйынатын және әр түрлі ұлт өкілдері балаларының көзқарастары мен құқықтарының теңдігін, толеранттылық қағидаларын қалыптастыруға ықпал жасау болып табылады.

Фестивальдің төсбелгісі – әлемдік бейбітшілікке, еркіндікке, ашықтыққа ұмтылған дүниежүзі халықтарының мәдениетінің бірлігін символмен көрсететін және бір-біріне жақын орналасқан кемпірқосақтың жеті түсі.

2004 жылдан бастап Қазақстан «Изменим мир к лучшему!» атты Халықаралық балалар фестиваліне қатысып келеді.

Қазақстанның делегациясын таныстырғандар:

- 1) Айтпаева Алина;
- 2) Алдоңғар Берік;
- 3) Болат Саламат;
- 4) Дәулетқалиева Альбина;
- 5) Дүйсембаева Назгүл;
- 6) Жантас Нартай;
- 7) Каримов Қуандық;
- 8) Күмісбек Медина;
- 9) Құрманғалиева Әлия;
- 10) Мырзақожа Дәрия;
- 11) Нигманов Таир;
- 12) Нұрбаева Еркежан;
- 13) Нұрғисин Нұрбек;
- 14) Таттыбаева Ұлжан;
- 15) Салбенбекова Салтанат Даулетханқызы – делегация жетекшісі.

Делегацияның құрамына Астана, Ақтөбе, Павлодар, Өскемен қалаларынан 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар кірді.

2013 жылғы 22 шілдеде делегация «Дни стран» атты мерекесіне қатысты. 15 мемлекеттің Мемлекеттік туы ресми түрде көкке самғады. 60 мемлекеттің делегациясы Қазақстан Республикасының әнұраны мен көк байрағына қошемет көрсетті. Қазақстандық делегация аталған мерекеге этнокөрме дайындап, «Менің Отаным - Қазақстан» атты балалардың суреттерін қорғады. Нұрбаева Еркежан, Құрманғалиева Әлия хобби-

клубтардың жұмыстарында белсенділік танытқандары үшін Дипломдармен марапатталды.

«Планета талантов» атты конкурстық бағдарламаға Дүйсембаева Назгүл (би) және Болат Саламат (ән орындау) қатысып, орындаушылық шеберлігі үшін Дипломдармен марапатталды.

Сонымен қатар, қазақстандық делегация «Экология. Безопасность. Информация» атты ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммитіне қатысты. Халықаралық пресс-орталықтың жұмысына журналист ретінде Нұрғисин Нұрбек пен Алдоңғар Берік қатысты және белсенділіктері үшін Дипломдармен марапатталды.

Жантас Нартай (домбыра) мен Күмісбек Медина (скрипка) «Шедевры классической музыки» атты Филармониялық концертке және «Фестиваль шагает по «Артеку» атты акцияға қатысып, Дипломдармен марапатталды. Қазақстан Республикасының делегациясы «Фестиваль шагает по «Артеку» атты акцияға белсенділік танытқаны үшін және Жер бетінде бейбітшілікті насихаттағаны үшін екі Дипломмен марапатталды, сондай-ақ ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммитінің сертификатымен белгіленді.

Делегацияның көшбасшысы Нигманов Таир Ұлт көшбасшысы ретінде ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммитінде лайықты сөз сөйледі. Делегация мүшелері ойын-сауық бағдарламаларына, спорттық жарыстарға, пресс-орталықтың отырысына және ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммитінің секцияларына өте белсенді түрде қатысты.

«Изменим мир к лучшему!» атты Халықаралық балалар фестивалі және ЕҚЫҰ балалар-жастар Саммиті балалар арасында позитивті қарым-қатынасты орнату, жарыстар, конкурстар, пікірталас, қатысушылардың қабілеттерін анықтау, ұлт дәстүрлерімен, қатысушы-мемлекеттің мәдениетімен танысу және оны меңгеруге барлық жағдай жасады.